«Бөгенбай батыр» жырын жатқа айтудан оқушылар арасындағы Қарағанды облыстық «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының 2-ші кезеңіндегі қатысушыларға арналған сұрақтар мен олардың жауабы

<u>9-сынып оқушыларына арналған сұрақтар</u>

Қазақ әдебиеті пәні бойынша сұрақтар және олардың жауабы:

1. Жүсіп Баласағұн кім? IX-XII ғасырлардағы түркі халықтарының көрнекті өкілдерінің бірі, бұл кезеңнің рухани мәдениеті тарихында өзіндік із қалдырған, қазақ топырағында дүниеге келген ол – түркі әлеміндегі белгілі ойшыл, данышпан, философ, қоғам қайраткері.

2. Жүсіп Баласағұн қай жылы және қай өңірде дүниеге келген? 1020 жылы, Жетісу жеріндегі Баласағұн қаласында дүниеге келген. Бұрын бұл қаланы «Күз Орда» деп атаған.

3. Жүсіп Баласағұнды ақын ретінде де, ғалым ретінде де танымал еткен қай шығармасы? «Құтты білік» («Құтадғу біліг») атты дидактикалық поэмасы.

4. «Құтты білік» қай жылы жазылған? «Құтты білікті» Жүсіп Баласағұн 1070 жылы жазып біткен.

5. Рубаи деген не? Үлкен ой, түйінді тұжырымды білдіретін шумақты, лирикалық өлең түрі. Рубаи – арабтың төл сөзі. Мағынасы – «рубаги» – «төрттік» немесе «төрт жолдық өлең» деген терминді танытады.

6. Бәйіт деген не? Араб, парсы және түркі тілдес халықтар поэзиясындағы қос тармақты, егіз ұйқасқа құрылған өлең түрі. Айтылар ой барынша тұжырымды болып келеді.

7. Шешендік сөздер дегеніміз не? Белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар, тұжырымдар. Сондай-ақ, ол – қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем бір саласы.

8. Шешендік сөздердің қанша түрі болады? Кеңесу, билік және салтанатты сөз деген үш түрі болады.

9. Шешендік сөздер қаншаға бөлінеді? Термелі сөз, пернелі сөз деп, екіге бөлінеді.

10. Шешендік сөздер қай кезден бері бар? Шешендік сөздердің қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын анық айту қиын. Қазақ шешендік өнері Майқы биден бастау алып, Жиренше, Асанқайғы есімдерімен жалғасады.

11. Майқы би Төбейұлы қай кездерде өмір сүрген? 1105-1220 жылдар шамасында өмір сүрген қазақ халқының төбе биі.

12. Майқы би кім? Ел аузында Шыңғысты хан көтеруге қатысқан атақты он екі бидің бірі, әділ билігі мен тапқыр шешендігімен бүкіл қазақ қауымына атағы шыққан адам.

13. Халық арасында Майқы би есімімен байланысты қандай сөз қалған? Халық арасында «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген ескі сөз қалған.

14. Төле би Әлібекұлы кім? Қазақтың Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Абылай хандары тұсында ел басқару ісіне араласқан аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана, атақты шешен. Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Ұлы жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» заңдар жинағын құрастырушылардың бірі.

15. Төле би қай жылы, қай өңірде туған? 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде дүниеге келген.

16. Қазыбек Келдібекұлы кім? Қазақтың Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Орта жүздің төбе биі, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жинағын құрастырушылардың бірі.

17. Қазыбек би қай жылы, қай өңірде туған? 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келіп, жастық шағын Қаратау, Ұлытауда өткізген.

18. Әйтеке Байбекұлы кім? Ол – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, ділмәр, мемлекет қайраткері, Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы, Қоқанға хан болған Ақшаның немересі.

19. Әйтеке би қай жылы, қай өңірде туған? 1644 жылы Өзбекстандағы Қазбибі тауының етегінде дүниеге келген.

20. Бұқар Қалқаманұлы кім? Халық тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі Абылайға уытты шумақтар арнаған жырау. Ханның кеңесшісі әрі қазақ хандығы дербестігінің жаршысы бола білген ол ханның ішкі және сыртқы саясатына мейлінше әсер еткен дарынды адам болған.

21. Бұқар жырау қай жылы, қай өңірде туған? 1668 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған.

22. Халықтың ықыласымен Бұқар қандай жанама атқа ие болған? Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгілгендіктен «көмекей әулие» атанған.

23. Айтыс деген не? Ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

24. Қазақтың ауыз әдебиетінде айтыстың қандай түрлері бар? Бәдік, жар-жар, жануарлар мен адамның айтысы, өлі мен тірінің айтысы, жұмбақ айтыс, салт айтысы, қыз бен жігіттің айтысы, ақындар айтысы, осы күнгі айтыстар.

25. Айтыс қандай өнер? Синкретті өнер, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан.

26. Синкреттілік дегеніміз не? Фольклорлық туындылардың бойында бірнеше өнердің бірлесіп көрінуі синкреттілік деп аталады.

27. Айтыс жанрлық сипаты жағынан қандай түрлерге бөлінеді? Түре айтыс және сүре айтыс деп екіге бөлінеді

28. Түре айтыстың белгісі не? Екі ақынның кезектесіп, бір шумақты өлеңмен жауаптасуы.

29. Сүре айтыстың белгісі не? Екі ақынның көп әңгімені қамти, дамыта және бірнеше шумақпен ұзағынан жауаптасулары.

30. Айтыс мазмұндық сипатына қарай қалай жүйеленеді? Әдет-ғұрып айтысы және ақындар айтысы боп жүйеленеді.

31. «Біржан мен Сара айтысы» айтыстың қай түріне жатады? Сүре айтыс түріне жатады.

32. Нысанбай Жаманқұлұлы кім? Бұқардан кейінгі аса ірі жорық жыршысы, жырау.

33. Нысанбай Жаманқұлұлы қай жылы, қай жерде туған? 1822 жылы, қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққошқар елді мекенінің түстігіндегі Шеңгелсай деген жерде дүниеге келген.

34. Нысанбай Жаманқұлұлының бізге қалдырған асыл мұрасы не? «Кенесары-Наурызбай» жыры.

35. «Кенесары-Наурызбай» жыры неліктен тарихи жырға жатады? Жырда Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы суреттеледі. Жырау Кенесары хан бастаған көтеріліске өзі қатысып, көзі көрген оқиғаларды жырға арқау етеді. Жырда батырлар, тарихи кезең, көтеріліс туралы мәліметтер жан-жақты беріліп, Кенесары мен Наурызбай батырлардың тарихтағы рөлі көрсетілген.

36. Тарихи жырлар деп қандай туындыларды атаймыз? Белгілі тарихи оқиғаға байланысты туған эпикалық шығармаларды жатқызамыз. Мұнда оқиғаның дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленеді. Бұл жанрда ру-тайпалық мақсаттар тасада қалып, жалпыхалықтық мемлекеттік мүдделер басты сипат алады. Батырлар жырында кездесетін ғайыптан туу, жар іздеу, құда түсу, батырдан туған ізбасар сияқты оқиғалар тарихи жырда кездеспейді.

37. «Бөгенбай батыр» жыры тарихи жырға жата ма? Жатады. Жырда әр кезеңнің тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан қорытылып бейнеленген.

38. Қазақ әдебиетінде тарихи жыр қанша кезеңге бөлінеді? Төрт кезеңге бөлінеді.

39. Қазақ әдебиетіндегі тарихи жырдың төрт кезеңін ата. I-кезең – XIV-XVII ғасырларда Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахань, Қырым хандықтарына қарсы феодалдық соғыстар суреттелген тарихи жырлар. Оларға «Едіге», «Нұраддин», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Мұсахан», «Телағыс» сияқты т.б. жырлар жатады; II-кезең – XVIII ғасырдағы жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды қамтитын Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар; III-кезең – XIX ғасырда ұлт-азаттық, бостандық жолындағы күресті сипаттайтын жырлар: «Исатай-Махамбет», «Бекет батыр», «Досай батыр», «Жанғожа батыр» т.б.; IV-кезең XX ғасырдың басындағы төңкеріс жылдарындағы елеулі оқиғалар және 1916 жылы патша өкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлар: «Туар ма екен бізге күн», «Еріксіз келдім елімнен», «Зарлы заман кезінде», «Құлақасқа», «Бекболат», «Ұзақ батыр», «Амангелді» т.б. жырлар жатады.

40. Қазақ әдебиетінде тарихи жырларды тудырған ақын-жырауларды атаңыз. Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған. Сондай-ақ, толықтырып, өңдеп қайта жырлаған.

41. Махамбет Өтемісұлы кім? Махамбеттің тұлғасы көзі тірісінде-ақ қалың қазақ үшін ерліктің, өрліктің, батырлықтың белгісіне, ал жалынды жырлары азаттық дабылына айналған ақын.

42. Махамбет Өтемісұлы қай жылы, қай өңірде туған? 1804 жылы Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында Бекетай құмында дүниеге келген.

43. Жәңгір хан баласын Орынборға оқуға жібергенде не себептен қасына Махамбетті серік етіп қосты? Махамбеттің өрлігі, қайсарлығы баласына қорған болады деп ойлады және Махамбет орыс тілін жақсы білген.

44. Махамбет Ордадан не үшін қуылды? Халыққа істеп отырған хан қатыгездігін көрген ақын ханды мақтаушы емес, даттаушы болғандықтан Ордадан қуылады.

45. Махамбеттің Исатай батырға арнаған шығармаларын атаңыз. «Исатай деген ағам бар», «Тарланым», Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Тайманның ұлы Исатай», «Мұнар күн» өлеңдері.

46. Деректі әдебиет дегеніміз не? Нақты жайттар мен белгілі адамдар, болған оқиғалар мен өмірде шындығы басым дүниелер төңірегінде жазылатын шығармалар.

47. Ілияс Жансүгіров кім? Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, халықтың «жыр Құлагері» атанған ақыны.

48. Ілияс Жансүгіров қай жылы, қай өңірде туған? 1894 жылы қазіргі Жетісу облысының Ақсу ауданында дүниеге келген.

49. Ілияс Жансүгіровтың сүйекті туындыларын атаңыз. «Құлагер», «Күй», «Күйші», «Дала» атты поэмалары және «Жолдастар» деген романы бар.

50. «Құлагер» поэмасы не жөнінде? «Құлагер» ақынның өнер тақырыбына жазған көрнекті поэмасының бірі, шығарма қазақ халқының әйгілі өнерпазы, ардагер ұлы Ақан сері өмірінің трагедиялық кезеңін суреттеуге арналаған.

Сұрақтар мен олардың жауабы жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған Қазақ әдебиеті оқулығы («Арман-ПВ» баспасы, 2019) бойынша әзірленді.

«Бөгенбай бытыр» жыры бойынша әзірленген сұрақтар және олардың жауабы

1. Жолаушылар аттанып кеткеннен кейін Қаншай қыз қандай әрекетке барды? Жеңгесіне «тойға барам» деп айтып, шалға «малыңа ие бол» деп тапсырып, торы ала атты алдырып, қасына бір жігітті ертіп, мылтық асынып, әлдебір жаққа жүріп кетті.

2. Қаншай қыз әкесі Алтайдың жылқысын көргенде не дейді? «Әкеме бақ боп қонған қайран жылқы, қуғын көріп, қара терге түстіңдер-ау. Көк алалы көп жылқы, барар жерлеріне мені де ала кетіңдер» дейді.

3. Жылқыға келген Қаншай қыз қалай кииінген еді? Қару-жарақ асынып, әдейі әйел екенін білдірмей, ерлерше киініп алған еді.

4. Қосқа келіп, Сарыбай «не бұйымтайыңыз бар, тілеуіңізді берейін» дегенде Қанышай қыз не сұрады? «Араларыңыздағы Тыныбекті оңаша қолыма тигізсеңіз, мұңымды соған айтып тілдесейін» деді.

5. Қаншайым оңаша жолығуды сұрағаннан кейін Сарыбай Тыныбекке қандай кеңес берді? «Бұ қыз өзіңді іздеп бекер келген жоқ, сөзіне сөзді дәл тауып, абайлап сөйлес» дейді.

6. Тыныбек пен өзге батырлар Сарыбайдың кеңесіне нендей жауап қайырды? «Пәлі, Сәкең жігітті қыз дейді. Кескіні жігіттен айнымайды, жапан түзде қыз өстіп жүре ала ма?» дейді. Өзгелері де «Бұл – қыз емес. Қызды жігіт дейтін біз емес!» деп күліседі.

7. Беймәлім жанды қыз деген Сарыбай өз байламын қалай дәлелдейді? «Тура мөлдіреген көзі тайқысып, бетінен нұры төгіліп тұр. Ат үстінде тұрғанда көзім шалды, тізгін тартқанда нәзік бармағы майысып кетті» дейді.

8. Тыныбекке Қаншайым қыз қандай сырын айтты? «Әкем аты – Алтай, ағамның есімі – Орда. Өз атым – Қаншайым. Бейқам жатқан үйсінбіз. Бәйбіше баласы Қопа бауырымның қыспағынан біз босып кеттік. Мені құлға бермек болды, ондай қорлыққа көне алмаймын. Төрт шектіден жайыңды естідім. Өзіңдей аруақты ауылдың азаматын іздеп тапсам деп келдім, әй Тыныбек, замандасым, құтқара гөр! Ұзақ жолға бірге аттануға артыңнан іздеп келдім. Қандай жан деп дал болма, ауылымды көре кет, алыс емес» дейді.

9. Қолқа салған Қаншайым қыздың бұйымтайына Тыныбектің жауабы қандай болды? «Қаншайым, сөзіне иланып тұрмын. Бұл жолы баруға уақытым жоқ. Әрі, «қыз алма шабындыдан» деген сөз бар. Келер жылы дәл осы уақытта – мамырдың он бесінде барамын. Қайтсең де келер жылға дайын боп тұр, сертіңнен тайып кетсең, кінә өзіңде» дейді.

10. Қаншайым қыз бен Тыныбектің байламын естіген Бексұлтан қандай уәж айтты? «Келер жылы келеміз бе, келмейміз бе?.. Онан да бірге жүр, ере кет қазір» дейді.

11. «Ере кет» деген Бексұлтанның уәжіне Қаншайым қыз қандай жауап қайырды? «Айтқан сөзден қайту дұрыс емес, аруағыңа жөн боп тұрса, қайтайын. Екі айтқан сөз қиын, бауырыңа «мақұл» деген сөзді қайта айтқызшы. Маянның ауылына келін болсам, дүниеден армансыз өтер едім» дейді.

12. Бексұлтан Қаншайым қыздың уәжінен кейін Сарыбай мен Тыныбекке келіп, қандай кінә қойды? «Өзі келген қызды бекер кейіндетіп, Тыныбек, не болды мұнша?! «Жүр» десең қазір еріп кетейін деп тұр, туғаныңа «жарайды» деген сөзді айттыршы, армансыз дүниеден өтер едім» дейді байқұс» деді.

13. Қоштасып кетер кезде Қаншайым мен Тыныбек бір-біріне не деді? Тыныбек «Шіркін-ай, тастап кетем қайтіп қиып, сөзіңді тоқтатыппын бекер ғана» деп өкінсе, Қаншайым:

«– Менің де жүрегімді тұрсың тесіп,
Таныстық, Тыныбекжан, бір сөйлесіп.
Жолына бабаң салған дұрыс болса,
Байлай кет қанжығаңа басым кесіп» дейді.

14. Тыныбек қыз бен арадағы жайды хабар сап, кімге баяндады? Бөгенбай батырға хабарлады.

15. Қаншайым қыздың тілегін естіген Бөгенбай батыр Тыныбекке не деп жауап берді? «Жас баланың обалына қалыпсың, кеудеңде шыбын жаның болса уағда мезетінде бар» дейді.

16. Батырлар Сыр бойынан оралғаннан кейін ел ішінде қандай індет жүреді? Жұртты жаппай сүзек жайлайды.

17. Тыныбек Қаншайым қызға уағда еткен мезетінен не себепті кешікті? Сүзек дертінен оңала алмай кешікті.

18. Науқастанған Тыныбек бауырларына қандай аманат жүктеді? Қаншайымның «Әкемнің ауылына келін болсам» дегені сүйегімнен өтті, өзім өлсем, артымда қалғандар қыздың арманын орындауға тиісті» деген амант жүктеді.

19. Тыныбектер Қаншайым қызды алып келуге елден қай мезетте аттануы керек еді? Қаншайымға уәде еткендей мамырдың он бесінде Сыр бойына – қыз ауылына жетулері үшін, наурыз айының ішінде аттануы тиіс болатын.

20. Тыныбекке «Қаншайым қыздың еліне аттан» деп кім айтты? Бөгенбай батыр.

21. Тыныбек Сыр бойына аттанғанда жетегіне қандай атты алды? Аққекіл атты жетегіне алды.

22. Тыныбектер Қаншайым ауылын іздеп Қарамысқа барғанда не себептен адасты? Біріншіден, бірнеше күн сілбілеп жаңбыр жауып, тұман басып, тұрып алды, екіншіден, жер мөлшерін дөп басып білетін Сарыбай жандарында болмады.

23. Тыныбектер Қаншайым ауылын таппай адасып жүргенде, қыз қандай күйде еді? «Елді шапсам да Қаншайымды құлға қайтканде де әперем» деп, бәйбішеден туған ағасы Қопа зікір салып тұр еді.

24. Қаншайымның ауылы отырған жердің аты не? Қорған.

25. Уәде байласқан мамырдың он бесінен асқанда Қаншайым қандай күйге түсті? Мамыр айы туғанша жақсы боп еді, күн өткен сайын үміті үзіліп, науқасқа ұшырады.

26. Дертке шалынған Қаншайым жеңгесіне не сыр айтты? «Уәде байласқан бір жігіттің серті бар еді, мамырдың он бесінде келмек еді. Уақыт өтті – жоқ.

Жеңеше-ау, Ордашыма айтпа мұны,
Бұл күнде бір-ақ тай ғой қыздың құны.
«Арманда Еркежаным өлді» дерсің,

Құрысын төмен етек қыздың күні» дейді.

27. Қаншайымның жеңгесі қыз аузынан тағы не білді? Жігіттің аты – Тыныбек, елі – Маян екенін білді.

28. Қаншайымның бәйбішеден туған Қопа бауыры қандай ниетте еді? «Қаншайым сауықса, барып аламыз» деп, үйсін елі сыртынан бақылап қарап тұрды.

29. Қопаның Қорған мекеніне баса-көктеп кіруіне не кедергі болып тұрды? Қорғантас сырттан жау кіруіне қиындық туғызатын қамал сияқты еді.

30. «Жаны қалса қызды қайтсем де алдырам!» деген Қопаның өшпенділігі Қаншайымға не себепті өрши түсті? Біріншісі, ұйғарған жерге қыздың бармай бас тартуы, екінші, Қопаның жоғалған жылқысын жау айдағанын, олармен қыз ниеттес екенін аңдады және жылқыны жауға Орда бастап әперді» деп ойлады.

31. Тыныбек Қаншайымның ауылын іздеп адасып жүріп, кімге жолықты? Түйе іздеген шалға жолықты.

32. Қаншайым қыздың ауылына Тыныбекті кім бастап апарды? Түйеші шал бастап апарды.

33. Қаншайым қыздың ауылына Тыныбек қай мезетте және нешеу боп келді? Түн ішінде, шалға ілесіп жалғыз келді.

34. Қорғантастағы ауылға келгенде Тыныбек ең алғаш кіммен жолықты? Қаншайының жеңгесімен жолықты.

35. Қаншайымның жеңгесі Тыныбекке қандай сауал қойды? «Ертерек неге келмедің?» деді.

36. Тыныбек келгенде Қаншайымның халі қандай еді? Төсек тартып жатыр еді, жеңгесі бетін ашып, «Сөйлесетін жайың бар ма, Еркежан, сүйгенің Тыныбекжан келіп отыр» деді.

37. Қаншайымның ағасы Орда ас ішуге үйіне келгенде қасында қанша садақкер бар еді? Екі жүздей.

38. Орда Тыныбекпен танысып, біліскен соң қасына ерткен жолдастарын ертіп келуге кімді жіберді? Түйеші шалды.

39. Тыныбектер Орда ауылында болғанда Қопадан дамылсыз келген кісілер не деді, нені талап етті? Қопаның «мен айтқан жерге қызды бер» деген сөзін жеткізіп, Қаншайымды әкетуге ниеттенді.

40. Тыныбек Қопа ушықтырған жайды кіммен ақылдасты? «Қорлық қылған мына итке не қыламыз?» деп, Айдарбектен жөн сұрады.

41. Айдарбек Қопаға қандай хабар берді? «Қырсаң да бере алмаймыз саған қызды» деген хабар жіберді.

42. Қопа қолымен майданда Тыныбектер жағынан жекпе-жекке кім шықты? Жас Ақай батыр.

43. Ақай батырға қарсы ең бірінші болып Қопа қолы тарапынан жекпе-жекке кім шықты? Қопаның өз баласы шығып, жеңілді.

44. Қопамен арадағы майданда Ақай қанша батырды жеңіп, қанша атты иеленді? Жетпіс бір атты иеленді.

45. Орда ауылының жеңісінен кейін Үйсін елін қандай күмән жайлады? «Орданың өнері асып кетті, бұл елге шеттен біреу келген екен...» деген күмән өрбіді.

46. Үйсін елі қарсы жұртқа енді қандай әрекет істеуге байлам жасады? «Азар болса қырылып қалармыз, Аккезеңнің шөлінде жаумен бір айқасып көрелік» деп ұйғарды.

47. Тыныбектер Қаншайым қызды алып қайтуға аттанып, сыртта жүргенде Бөгенбай батыр қандай түс көрді? «Түс көрдім бір жамандық үйіріліп тұр. Жазым боп жау қолында қалып жүрмесін! Тез аттан Аккезеңнің шөліне!» деп, Сарыбайға тапсырма береді.

48. Бөгенбай батырдың түс көріп, көмекке аттан дегенінен кейін Сарыбай Аккезеңге қанша жігітпен жолға шықты? Он бес.

49. Қыз бауыры Орда ауылы отырған Қамалтастан Аккезеңге дейін неше күншілік жол еді? Сегіз күншілік жол.

50. Тыныбектер қалыңдығын алып, Орда ауылынан қай күні аттанды? Дүйсенбі күні.

51. Қаншайымды алып қайтқан керуен қанша түйеге жүгін артқан? Отыз түйеге.

52. Тыныбектер керуеніне үйсіндер қай жерде және қай мезетте шабуылдады? Аккезеңнен асқанда, мезгілі шалқар түсте шабуылдады.

53. Тыныбектің жігіттері тұтқиылдан шүйліккен жау қолын қалай қарсы алды? «Жау жоқ» деп жайбырақат келе жатқан батырлар, тіпті, сауыттарын шешіп, қанжығаларына байлап алған еді. Селқос жайда қарсы алды.

54. Маянбай елі жігіттерінің аттары қанша күн су ішпеген еді? Төрт күн су ішпеген.

55. Қаншайым үйсіндердің шабуылынан қай жерге жасырынды? Түйесін иіре қойып, атын байлап, шеңгелдің арасына жасырынды.

56. Қаншайымды алып келе жатқан қанжығалыларды еңсеріп, жан-жаққа бостырып жіберген үйсіннің қолы қанша адам еді? Сегіз жүз адам.

57. Бөгенбайдың тапсыруымен Аккезеңге жеткен Сарыбай ең бірінші кімді ұшыратады? Шеңгелдің арасында бұғынып жатқан Қаншайымды жолықтырады.

58. Сарыбаймен жолыққанда Қаншайым қалай суреттеледі? Үрейі ұшқан қалыңдықтың «бетіне ақ мамықтай шеңгел тиіп» деп суреттеледі. Яғни, шеңгел сырып қанатса керек.

59. Сарыбай жауды түріп тастап, қандай байламға бекінді? «Үйсінді қуа бергенмен түк болмас, жаралы жатқандарға барайын» деп, Айдарқан мен Тыныбекті іздеуге бет алды.

60. Қашқан үйсіндердің соңынан қуалап, кім кетті? Ақай бастаған қол кетті.

61. Аккезеңде үйсіндермен болған шайқаста жараланғандарды түйеге артып алып, Сарыбай қай жерге тоқтады? Соқыр бастауы бар жер ұшырасып, сонда тоқтады.

62. Кімнің жарасы ауыр болды? Тыныбектің жарасы ауыр болды, қаны тоқтамай өлімші халде жатты.

63. Науқастарды күтіп, Сарыбай соқыр бастауы бар жерде қанша күн түнеді? Төрт күн түнеді.

64. Майданда Аккекіл мен Нарқызыл аттар өлгенін естігенде Бөгенбай батыр не деп қамықты? «Қанатты құстай едік ат барында! Ер сақтар ат болмаса, ерлік қайда?!» деп Бөгенбай батыр қайғыра көзіне жас алды.

65. Төренің қызы Зейнеп пен үйсіннің қызы Қаншайдың қайсысы көңілге жақын? Қайншайдың адалдығы басым, әрекеттері халықтық мінезге сыйымды, қиянатқа көнбейді. Зейнеп билікқұмар, елді бөліп, төре тұқымдарын хан жасағысы келеді.

Сұрақтар мен олардың жауабы М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұсынған «Бөгенбай батыр» жырының Тастыбай Жағыпарұлы нұсқасы бойынша әзірленді.

Ескерту: Байқаудың II-кезеңіне қатысушыларға арналған сұрақтар жалпы білім беретін мектепке арналған бағдарламаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленді.

Байқау барысында төменгі сыныптың сауалдары жоғарғы сыныптарға қойылуы мүмкін, ал жоғарғы сыныпқа арналған сауалдар төменгі сынып оқушыларына қойылмайды.